

## Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған бас келісімнің нысанын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 1 шілдедегі N 277 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 30 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5731 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 25 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 22.01.2016 № 25 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінің 317-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған Бас келісім нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған Бас келісімге қол қоюды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. "Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған бас келісім нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі N 154 бұйрығының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4678 тіркелген күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Ә.Н. Түсіпбеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Жәмішев*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 ш і л д е д е г і  
N 2 7 7 б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

## Уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған бас келісім

Астана қаласы N \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, бұдан әрі "Министрлік" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің негізінде әрекет ететін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 199 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ереженің негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ бір тараптан, және (лауазымының атауы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

\_\_\_\_\_ бұдан (облыстық/қалалық бюджетті атқару жөніндегі органның атауы) әрі "Салымшы" деп аталатын, Әкімдіктің 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_ N \_\_ қаулысымен бекітілген \_\_\_\_\_ (облыстық/қалалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы) Мемлекеттік мекеме туралы ереже негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымының атауы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған осы Бас келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты

### 1. Келісімнің мәні

1.1. Екі жақты мәмілелер түрінде Тараптар арасында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін (бұдан әрі - ҚР Ұлттық банк салымы) уақытша бос бюджет ақшасын орналастыруды (аударуды) жүзеге асыру тәртібі Келісімнің мәні болып т а б ы л а д ы .

1.2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Келісімге сәйкес Салымшы уақытша бос бюджет ақшасын береді, ал Министрлік оларды ҚР Ұлттық банк салымына орналастыруға міндеттеме алады.

1.3. Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес мәміле паспортымен ресімделеді, онда салымды орналастыру бойынша барлық деректер: сомасы, орналастыру мерзімі, орналастыруды бастау және аяқтау күні, сыйақы ставкасы, сыйақы сомасы, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасы болуға тиіс.

Мәміленің барлық паспорттарына Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес Тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қояды және Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

1.4. Келісімді орындау жөніндегі барлық қажетті шараларды Министрліктің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті жүзеге асырады.

## **2. Уақытша бос бюджет ақшасын аудару тәртібі**

2.1. Министрлік Салымшыдан келіп түсетін ақшаны есепке алу үшін қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ҚБАЖ) N \_\_\_\_\_ ш о т а ш а д ы .

2.2. Салымшы уақытша бос бюджет ақшасын аударуға ниеті болған кезде Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес Министрлікке уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен растаған хабарлама жібереді.

2.3. Министрлік хабарлама алғаннан кейін кейінгі күннен кешіктірмей Салымшының атына факсимильдік байланыс арқылы Салымшының қол қоюы және мөр бедерімен бекіту үшін қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәміле паспортын жібереді (бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір-бір данадан).

2.4. Салымшы Министрліктен факсимильдік байланыс арқылы мәмілелер паспортын алғаннан кейін оларға қол қояды, мөрмен бекітіледі, кейін факсимильді байланыс арқылы Министрліктің атына кері жіберіледі.

2.5. Салымшы қол қойылған мәміле паспорты негізінде сол күні астана уақытымен 11 сағат 30 минутта \_\_\_\_\_ Қазынашылық департаментіне \_\_\_\_\_

(облыстық немесе қалалық)

Тараптар қол қойған мәміле паспорттың Салымшының түпнұсқалық қолы мен мөр бедерімен, сондай-ақ аша аударуды төлеу шотымен Министрліктің аталған деректемесіне жібереді.

Салымшы ұсынған мәміле паспортты Қазынашылық департаментіне ұсынылады және ақша аударуға арналған негіздердің бірі болып табылады.

2.6. Министрлік Салымшыдан ақша түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей Ақшаны ҚР Ұлттық банк салымдарына орналастырады.

2.7. Министрлік қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәмілелер паспорттың факстық нұсқаларын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей қол қойылған және мөр бедерімен бекітілген мәмілелер паспорттың 4 (төрт) данасын салымшының қол қоюы және мөрмен бекітуі үшін почтамен жібереді.

2.8. Салымшы Министрліктен мәмілелер паспортын алған соң оларға қол

қойып және мөр бедерімен бекітіп мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан  
Министрлікке қайтарады.

2.9. Мәміле паспортында көрсетілген ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара талап еткен кезде Салымшы Министрлікке 3.14-тармақта айтылған деректемелерді көрсете отырып, Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес Министрлікке берілген ақшаны қайтару туралы Министрлікке талап ұсынуға міндетті.

2.10. Салымшы мәміле паспортында белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Министрлікке сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін 3.1.4-тармақта айтылған деректемелерді көрсете отырып, келісімнің 5-қосымшасына сәйкес жазбаша хабарлама ұсынады.

2.11. Министрлік салымшыдан хабарлама алған күннен кейінгі күннен кешіктірместен Келісімнің 5-қосымшасына сәйкес факсимильдік байланыс арқылы салымшының қол қоюы және мөрмен бекітуі үшін 4 (төрт) данада түпнұсқалық қолы мен мөр бедерімен бекітілген мәміле паспорттарын почтамен жібереді.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Министрлік міндеттенеді:**

3.1.1. Салымшыдан хабарлама алғаннан кейін келесі күннің астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәмілелер паспортын қол қою үшін жіберуге.

3.1.2. Факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәмілелер паспортын жібергеннен кейін келесі күннен кешіктірмей почтамен 4 (төрт) данада мәмілелер паспорттарының қол қойылған және мөртабанмен бекітілген түпнұсқаларын Салымшы қол қою және мөртабанмен бекіту үшін жіберуге.

3.1.3. Ақша N \_\_\_\_\_ шотқа түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей ҚР Ұлттық банкінің салымдарына орналастыруға.

3.1.4. Салымның мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Салымшының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы жазбаша талап етуін Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімінен бұрын талап еткен кезде салымды БЖК 195301070 N \_\_\_\_\_ ЖБК, бенефициардың СТН-і \_\_\_\_\_

\_, ал ҚР Ұлттық банкі есептеген сыйақыны (мүддені) ЖБК 000080900, БЖК 195301070, бенефициардың атауы мен СТН-і, кіріс коды \_\_\_\_\_ қайтаруға міндеттенеді.

### **3.2. Салымшы міндеттенеді:**

3.2.1. ҚР Ұлттық банкінің салымына орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын беру ниеті болған кезде астана уақытымен сағат 11-ден кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы Министрлікке уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген хабарламаны Келісімнің 3-қосымшасына сәйкес жіберуге.

3.2.2. Министрліктен мәмілелер паспортын алғаннан кейін астана уақытымен 11 сағат 30 минуттан кешіктірмей факсимильдік байланыс арқылы қол қойылған және мөртабанмен бекітілген мәміле паспорттарды жіберуге.

3.2.3. Астана уақытымен 11 сағат 30 минутқа дейін \_\_\_\_\_

Қазынашылық департаментіне

(облыстық немесе қалалық)

Салымшының қолының және мөртабанының түпнұсқасымен тараптар қол қойған мәмілелер паспортына, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің салымдарына орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған ақы төлеуге шоттың факстік нұсқасын беруге.

3.2.4. Министрліктен мәмілелер паспортының түпнұсқаларын алғаннан кейін оларға қол қоюға, мөртабанмен бекітуге және мәмілелер паспортының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір-бір данасын Министрлікке қайтаруға.

3.2.5. Мәмілелер паспортында белгіленген салымды орналастырудың ағымдағы мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Министрлікке салым және сыйақы (мүдде) сомасын есепке алу үшін қажетті тиісті деректемелерді нақты көрсете отырып, салым сомасын толық көлемде мерзімінен бұрын талап еткен немесе ішінара талап еткен кезде Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы Келісімнің 4-қосымшасына сәйкес хабарлама ұсынуға міндеттенеді.

### **3.3 Министрлік құқылы:**

3.3.1. Салымшы Келісімнің 2.10-тармағына сәйкес шарттың әрекет ету мерзімін ұзартқан кезде ҚР Ұлттық банкі ұсынатын ставкаға Салымшымен келісім бойынша сыйақының (мүдденің) бастапқы белгіленген ставкасын өзгертуге құқығы бар.

### **3.4. Салымшы құқылы:**

3.4.1. Салымды беру мерзімін ұзартуға.

3.4.2. Келісімнің 2.9.-тармағына сәйкес салымдарды толық көлемде және ішінара мерзіміне дейін талап етуге құқығы бар.

## **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Келісім бойынша өз міндеттемелеріне жауапкершілікте болады.

4.2. Министрлік есептелген сыйақыдан (мүддеден) салым қайтару мерзімін бұзған жағдайда, Министрлік Салымшыға Келісімнің 3.1.4-тармағында көрсетілген ҚР Ұлттық банкінен нақты алынған айыппұл сомасын төлейді.

4.3. Министрлік Салымшының өз міндеттемелерін уақтылы орындамауының салдарынан пайда болған зиянға жауапкершілікте болмайды.

4.4. Салымшы Келісімнің 3.2.3-тармағында көрсетілген ақшаны аударуға төлеуге шотты беру мерзімін бұзған кезде Салымшы Министрлікке соманы уақтылы аудармағаны үшін әрбір мерзімі өткен аудару күнтізбелік күніне ҚР Ұлттық банкі беретін айыппұл мөлшерінен төмен емес айыппұл төлейді.

## **5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар, егер орындамау күтпеген мән-жайлар, атап айтқанда: өрт, топан су, зілзала, індет, әскери іс-қимылдар, электр энергиясы мен телекоммуникациялық байланыстың уақытша болмауының және Келісім бойынша міндеттемелерін орындауға тікелей әсер ететін Тараптардың еркіне бағынбайтын басқа мән-жайлардың салдары болып табылатын болса, Келісім бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

Тараптардың біреуі немесе екеуі үшін Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы билік органдары шешімдерінің салдары үшін тараптар жауап бермейді.

Тараптар, егер мұндай мән-жайлар болған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және байланыс болған кезде, оның әсерінен зардап шеккен Тарап болған жағдай туралы екінші Тараптың назарына жеткізсе, сондай-ақ өз тарапынан форс-мажорлық мән-жайлардың салдарын жылдам жою үшін барлық күш-жігерін жұмсаса, өздеріне алған міндеттемелерді орындаудан босатылады.

5.2. Форс-мажорлық мән-жайларға байланысты зиян шеккен Тарап тежеусіз күштің объектісі болған Тараптан болған оқиғаларға дәлелдер, сондай-ақ шеккен зиян көлемін есептеуге байланысты кез келген басқа құжаттаманы талап ете алады.

## **6. Келісімнің қолданылу мерзімі, бұзу және өзгерту шарттары**

6.1. Келісім Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін әрекет етеді. Бұл ретте, Келісім облыстық (қалалық) Қазынашылық департаментінде тіркелуге жатпайды.

6.2. Келісім Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды және Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапты келісімді бұзудың болжамдалған күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінде бұл туралы ескерте отырып және Келісім бойынша бұрын өзіне алынған міндеттемелерді орындай отырып, Келісімді бұзуға құқығы бар.

## 7. Өзге де шарттар

7.1. Тараптардың арасындағы Келісім бойынша пайда болған барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Келісім бірдей заң күші бар екеуі мемлекеттік, екеуі орыс тілдерінде төрт түпнұсқа данада жасалған.

7.3. Осы Келісіммен реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.4. Тараптардың біреуі немесе Тараптардың екеуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Келісім бойынша барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорына көшеді.

7.5. Егер салым мерзімінің соңғы күні жұмыс күні емес күнге сәйкес келсе, салым есептелген сыйақымен (мүддемен) бірге келесі жұмыс күніне қайтарылады, бұл ретте, көрсетілген жұмыс күні емес күнге сыйақы (мүдде) есептелмейді.

## 8. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

Қазақстан Республикасы \_\_\_\_\_  
Қаржы министрлігі (бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)  
Индексі 100000, Астана қ. Индексі \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ қ.  
Жеңіс даңғылы, 11 үй \_\_\_\_\_  
ЖБК \_\_\_\_\_ ЖБК \_\_\_\_\_  
СТН-і \_\_\_\_\_ СТН-і \_\_\_\_\_  
БЖК \_\_\_\_\_ БЖК \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қазынашылық комитетінде  
Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қазынашылық комитетінде

Қаржы министрлігі (бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)  
атынан атынан

-----  
(қолы)

-----  
(қолы)

-----  
(Т.А.Ж.)

-----  
(Т.А.Ж.)

М.О.

М.О.

У а қ ы т ш а  
а қ ш а с ы н  
а р н а л ғ а н  
1-қосымша

б о с  
а у д а р у ғ а  
б а с

б ю д ж е т  
к е л і с і м г е

**МӘМЛЕ ПАСПОРТЫ N \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

-----  
(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

береді, ал Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі \_\_\_\_\_  
теңге сомасында салым қабылдайды.

Орналастыру мерзімі: \_\_\_\_\_

Орналастырудың басталу күні: \_\_\_\_\_

Орналастырудың аяқталу күні: \_\_\_\_\_

ҚР ҰБ сыйақы ставкасы: \_\_\_\_\_

ҚР ҰБ сыйақы сомасы: \_\_\_\_\_

ҚР ҰБ қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы: \_\_\_\_\_

Салымды мерзімінен бұрын талап еткен кезде қолданылатын сыйақы  
ставкасы: \_\_\_\_\_

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ KZT

(сомасы санмен)

М и н и с т р л і к к е

т ө л е й д і ,

Астана қаласы, ЖБК N 000713400, СТН-і 031400128626, БЖК 195301070

Деректемелері \_\_\_\_\_

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы) \_\_\_\_\_



**Тараптардың қолдары:**

Қазақстан Республикасы	_____	
Қаржы министрлігі	(бюджетті атқару жөніндегі	
Қазынашылық комитетінің	_____	
	уәкілетті органның атауы)	
атынан	атынан	
_____	_____	
(лауазым атауы)	(лауазым атауы)	
_____	_____	
(қолы) (Т.А.Ж.)	(қолы) (Т.А.Ж.)	
М.О.	М.О.	
У а қ ы т ш а	б о с	б ю д ж е т
а қ ш а с ы н	а у д а р у ғ а	
а р н а л ғ а н	б а с	к е л і с і м г е
2-қосымша		

**Мәміле паспортын ресімдеген кезде қол қоюға құқығы бар уәкілетті лауазымды тұлғалар**

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен:**

Қ а з ы н а ш ы л ы қ	_____	_____
Төрағасы	_____	_____
	(қолы) (Т.А.Ж.)	
Қ а з ы н а ш ы л ы қ	_____	_____
төрағасының орынбасары	_____	_____
	(қолы) (Т.А.Ж.)	
Қ а з ы н а ш ы л ы қ	_____	_____
төрағасының орынбасары	_____	_____
	(қолы) (Т.А.Ж.)	
_____	_____	_____
(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)		
_____	_____	_____
(лауазымның атауы)	(қолы)	(Т.А.Ж.)
_____	_____	_____
(лауазымның атауы)	(қолы)	(Т.А.Ж.)

**ТАРАПТАР ҚОЛЫ:**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қазынашылық комитетінің  
Төрағасы

\_\_\_\_\_ (лауазымның атауы)

\_\_\_\_\_ (бюджетті атқару жөніндегі

-----  
уәкілетті органның атауы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

М.О.

М.О.

У а қ ы т ш а

б о с

б ю д ж е т

а қ ш а с ы н

а у д а р у ғ а

а р н а л ғ а н

б а с

к е л і с і м г е

3-қосымша

Ш ы ғ .

N

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_ж.

## ХАБАРЛАМА

\_\_\_\_\_ (бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)

20\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ бастап "\_\_" \_\_\_\_\_ дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкідегі салымдарға (депозиттерге) орналастыру үшін \_\_\_\_\_ күн мерзіміне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (санмен және жазумен)

сома беруге ниеттенеді.

Уәкілетті лауазымды тұлға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

М.О.

У а қ ы т ш а

б о с

б ю д ж е т

а қ ш а с ы н

а у д а р у ғ а

а р н а л ғ а н

б а с

к е л і с і м г е

4-қосымша

Ш ы ғ .

N

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_ж.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне берілген ақшаны қайтару туралы ТАЛАП** \_\_\_\_\_

**(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)**

20\_ж " \_\_ " \_\_\_\_\_ Келісімнің 2.9-тармағы негізінде 20\_ж " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (санмен және жазумен)  
сомасындағы салымды ішінара/толықтай қайтаруды және ЖБК \_\_\_\_\_, БЖК \_\_\_\_\_, бенефициардың атауы және СТН-і \_\_\_\_\_ аударуды өтінеді.

Талап етілген соманың есептелген сыйақы (мүдде) сомасын ЖБК 000080900, БИК 195301070, бенефициардың атауы және СТН-і \_\_\_\_\_, кіріс код \_\_\_\_\_ аударуды сұраймыз.

Уәкілетті лауазымды тұлға \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

У а қ ы т ш а б о с б ю д ж е т  
а қ ш а с ы н а у д а р у ғ а  
а р н а л ғ а н б а с к е л і с і м г е  
5-қосымша

Ш ы ғ . N \_\_\_\_\_  
" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_ж.

**ХАБАРЛАМА** \_\_\_\_\_

**(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы)**

салым мерзімінің аяқталуына байланысты \_\_\_\_\_ теңге соманы (мәміле паспорты N\_ " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_ж.), Келісімнің 2.10-тармағына сәйкес 20\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін " \_\_ " күн мерзімге с о з у ы ң ы з д ы с ұ р а й д ы .

Банк салымында нақты болған ақшаның есептелген сыйақы (мүдде) ЖБК 000080900, БЖК 195301070, бенефициардың атауы және СТН-і \_\_\_\_\_ кіріс код \_\_\_\_\_ аударуды сұрайды.

Уәкілетті лауазымды тұлға \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК